

"Петропавл қалалық мәслихатының "Петропавл қаласы бойынша төлемдердің жекелеген түрлеріне ставкаларды белгілеу туралы" 2004 жылғы 14 шілдедегі кезектен тыс 7 сессиясының N 9 шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 8 тамызда N 13-1-48 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 2010 жылғы 29 қаңтарда N 2 Шешімімен

Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 2010.01.29 N 2 Шешімімен

Қазақстан Республикасы Кодексінің "Салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы" 258-бабының 4-тармағына және 394-бабына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Петропавл қалалық мәслихатының "Петропавл қаласы бойынша төлемдердің жекелеген түрлеріне ставкаларды белгілеу туралы"(2004 жылғы 18 тамыздағы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 1331, 2004 жылғы 27 тамыздағы N 35 "Добрый вечер") 2004 жылғы 14 шілдедегі кезектен тыс 7 сессиясының N 9 шешіміне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

2. Көрсетілген шешімнің 3, 5-қосымшалары осы шешімнің 3, 5-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелгеннен және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші рет ресми жария етілгеннен 10 күнтізбелік күн өткеннен соң өз күшіне енеді.

Қалалық мәслихат

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

хатшысы

"Петропавл қаласы бойынша төлемдердің жекелеген түрлеріне ставкаларды белгілеу туралы"
Петропавл қалалық мәслихатының
2004 жылғы 14 шілдедегі кезектен тыс 7
сессиясының N 9 шешіміне қосымша мен
өзгерістер енгізу туралы"

Петропавл қалалық мәслихатының
2006 жылғы 7 шілдегі кезектен 26 сессиясының
N 7 шешіміне N 3-қосымша

Петропавл қаласы бойынша қызметтің жекелеген түрлеріне тіркелген жиынтық салық ставкалары

N т/т	Салық салу объектісі	Тіркелген жиынтық салық ставкалары айлық есептік көрсеткіш (АЕК)1 айдағы
1	Ойын мекемесі өз өкілдері арқылы тарап ретінде қатысатын, құмар ойындарды өткізу үшін арналған ойын үстелі	76,2 АЕК
2	Ақшалай ұтысы бар ойын автоматы	5,9 АЕК
3	Тотализатор кассасы	
4	Букмекерлік кеңсе кассасы	7,4 АЕК
5	Ұтыс ақшасыз ойын автоматы	2,2 АЕК
6	Боулинг (кегельбан) - ойын жолы	32,7 АЕК
7	Карт	2,44 АЕК
8	Бильярд үстелі	9,5 АЕК
9	Лото ұйымдастырушы	100,0 АЕК

"Петропавл қаласы бойынша төлемдердің жекелеген түрлеріне ставкаларды белгілеу туралы"

Петропавл қалалық мәслихатының
2004 жылғы 14 шілдедегі кезектен тыс 7
сессиясының N 9 шешіміне қосымша мен
өзгерістер енгізу туралы"

Петропавл қалалық мәслихатының
2006 жылғы 7 шілдегі кезектен 26 сессиясының
N 7 шешіміне N 5-қосымша

Петропавл қаласы бойынша кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүргізетін салық төлеушілер үшін акциздің бірыңғай ставкалары

N т/т	Салық салу объектісі	Акциздердің бір жылғы ставкалары айлық есептік көрсеткіште (АЕК)
1	Ойын үстелі	1200 АЕК
2	Ақшалай ұтысы бар ойын автоматы	50 АЕК
3	Букмекерлік кеңсе кассасы	200 АЕК
4	Тотализатор кассасы	200 АЕК
5	Лотореяны ұйымдастыру және өткізу	Жүлде қорына акциз сомасын қоспай жатқызылатын сомаларды алып тастағандағы көрсетілген түсімнен 10 %

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК